МОДУЛЬ 1
КІРІСПЕ
№1 Дәріс. Түркі тілдері фразеологиясы туралы жалпы түсінік.

Фразеология – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде конструкцияланбай, даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтастығы мен тіркес тиянақтылығы тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы. Осының негізінде фразеология қазіргі немесе синхронды және тарихи немесе диахронды деп бөлінеді.

Фразеологияның зерттейтін пәні – фразеологиялық оралымдар. Оларды фразеологизмдер, фразеологиялық бірліктер немесе фраземалар деп атайды. Сондықтан да қандай да бір тілдің фразеологиялық бірліктерін фразеология деуден гөрі (себебі ғылым саласымен омонимдес болып қалады) морфемика, лексика терминдеріне сәйкестендіріп фраземика[1] деп атаған жөн.

Фразеологияның жалпы лингвистика саласы ретіндегі тарихы ұзаққа бармайды. Тіл білімінің жаңа бағытын таңбалайтын "фразеология" термині жеке лингвистикалық пән ретінде XX ғасырдың 40-жылдары дүниеге келді. Фразеологияның алғашқы теориялық негізі және осы мәселе жөніндегі идеяны дамытушы Ш. Балли болса, оның Ресей топырағындағы дамуы мен жаңа, жеке лингвистикалық сала ретінде қалыптасып дүниеге келуі академик В.В. Виноградов есімімен тығыз байланысты.

Ресейдегі В.В. Виноградов теориясының жалғасы орыс ғалымдары В.Л. Архангельский, В.П.Жуков, В.И. Зимин, А.В. Кунин, А.И. Молотков, Л.И. Ройзензон, А.И. Смирницкий, В.Н. Телия, Н.М. Шанский және т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Фразеологияның тіл біліміндегі фонология, морфология, лексикология және синтаксис салаларынан ерекшелігі-ол "тари- хи тұрғыдан тіл туралы ғылымның екіншілік жасалымы" (М.М.Копыленко, З.Д. Попова). Оның зерттеу нысанасы – "сөздер мен сөйлемдердің мағына- лық жағынан байланысты тіркесімі" (В.Н. Телия) болып табылатынын фразеологизмдер мен фразеологиялық бірліктер.

Кез келген халықтың халықтығы мен ұлттық болмысын танытатын оның әр алуан өнері болса, сол өнердің алды – қызыл тіл – деген даналық сөз бар. Тілдің байлығын, терең тұңғиық сырлары мен құпияларын ашқан, сұлулығына тамсанып, шебер қолдана білген, сол тілде сөйлейтін халықтың кемеңгерлігі мен даналығы екені сөзсіз.

Тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігін құрап тұратын тілдік бірліктер – фразеологизмдер. Фразеологизмдер – халықтың тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының, мінез-құлқының, өмір сүру ортасының, тұрмыс-тіршілігінің, экономикалық және саяси көзқарастары мен өзгерістерінің және т.б. айнасы.

Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып XX ғасырдың қырқыншы жылдары профессор С. Аманжолов идиомалық тіркестер мен фразеологизм- дерді зерттеуді қолға алу керектігін атап өтіп, олардың ғылыми бағыттарын көрсеткен. Тұрақты тіркестерді "идиомалық форманы екіге бөлуге болады: 1) образды бернелі құрама идиомдық тіркес) және 2) бернесіз құрама (фразеологиялық тіркес). ..Осылар сияқты қазақ тіліндегі кейбір сөйлемдерді басқа тілге тура аударғанда, олар тура мағынасынан басқа мағына беріп кетсе, сөздердің грамматикалық формаға дұрыс жауап бермегені деуге болады. Бұл – идиом. Бұл – идиомды айыруда негізгі критерий" [С. Аманжолов, 1940; 115 б.]. С. Аманжолов кейінгі жылдары жазған еңбектерін- де де фразеология мәселесіне тоқталады. 1948 жылы қорғалған докторлық диссертациясында тұрақты тіркестерге диалектологиялық деректерден көптеген фактілер келтіріп, оларды қазақ әдеби тілімен салыстыра зерттейді. "Қазақ әдеби тілінің және диалектологиясының мәселелері" атты ғылыми мұрасында: "Қазақ тілі идиомалар мен фразеологиялық тіркестерге өте бай. Біздің ойымызша, идиомалық және фразеологиялық оралымдар қазақ халқының ойлау жүйесін

[1] Фраземика терминін алғаш рет Н.Ф. Алефиренко "Теория языка. Введение в общее языкознание" (Волгоград, 1998. – 295-296 бб.) еңбегінде ұсынған.

зерттеудің және тілдегі мазмұн мен форманы қарастырудың тамаша нысанасы бола алады",- деп ерекше атап көрсетті [С.Аманжолов, 1977; 254 б].

Түркітанудағы фразеология туралы зерттеулер XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап кең ауқымда зерттеле бастады. Тілдің байлығын көрсететін бір тілді және екі тілді сөздіктер жарық көрді. Лексикографиялық еңбектердің басылып, жарық көруі түркі тілдеріндегі фразеологиялық қорды жинастыруға, оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеуге орасан зор септігін тигізеді. Алайда 1970 жылдарға дейін жарық көрген фразеологиялық сөздіктерде түркі тілдерінің фразеологиялық қоры жан-жақты жинастырыл- ды деп айта алмаймыз.

Қазақ фразеологизмдерін теориялық тұрғыдан зерттеу мен арнайы лексикографиялық еңбектерді басып шығару атақты ғалым І. Кеңесбаев еңбектерінен бастау алады. Түркі тілдес халықтардың ішінде алғашқы фундаменталды еңбекті академик І. Кеңесбаев 1977 жылы басып шығарды.

Теориялық тұрғыдан түркі тілдес халықтардың фразеологиясының зерттелуі бірқалыпты емес. Қазақ, әзірбайжан, татар, башқұрт, өзбек, чуваш тілдерінің фразеологиялық теориясы біршама жүйеге түсті десек, кейбір түркі тілдері (ұйғыр, хакас, түрік, қарақалпақ, түркімен және т.б.) бойынша азды-көпті зерттеулер мен кандидаттық диссертациялар қорғалған.

Теориялық және лексикографиялық тұрғыдан жалпы түркі фразеология- сы бірқалыпты, жүйелі зерттелмегендіктен қазіргі таңда түркі тілдерінің фразеологиясын әрі синхронды, әрі диахронды аспектіде салыстырмалы (тарихи-салыстырмалы) еңбектерді жазу ісі қолға алынбай отыр.

Жалпытүркілік қорды құрайтын фразеологизмдер мен жазба ескерткіштер құрамындағы фразеологиялық бірліктерді зерттеу түркітану ғылымының болашағы болып табылады. Фразеологизмдердің әдістемелерін анықтау фраземаларды айқындаудың мәртебесімен тікелей байланысты. Фраземаларға кең көлемдегі көзқарас синтаксис аспектісімен ұштасып жатса, керісінше, тар көлемдегі баға лексикологиямен табан тіресуі әбден мүмкін.

Фразеологизмдерге деген тар көлемдегі бағытты ұстай отырып оларды зерттеудің, талдаудың әдістеріне (методтарына) сипаттама жасап көрейік. Фразеология теориясында қалыптасқан әдістер осы сала бойынша жазылған еңбектердің жемісі болып табылады. XX ғасырдың қырқыншы жылдары тіл білімінің саласы ретінде қалыптасқан фразеология ғылымында қазіргі күні әр түрлі бағыттар мен осы бағыт нәтижесінде түрлі әдістер дүниеге келді.

Жалпы фразеология теориясында бүгінгі таңда төмендегідей әдістер қалыптасқан:

- құрылымдық-семантикалық моделдеу әдісі. Ол идеографиялық өрістер мен семантикалық топтарға және синонимдік қатарларға сүйенеді;
- семантикалық-синтаксистік моделдеу әдісі. Бұл әдіс фраземалар жүйесінің универсалдылығы мен дифференциалдық құрылымын айқындауды мақсат етеді;
- құрылымдық-ұялық әдіс негізінде фраземалар компоненттерінің тақырыптық топтастырулары жатыр;
- валенттілік әдіс фраземалар құрамындағы сөздердің тіркесімділігіне негізделген;
- семантикалық-диахрониялық әдіс. Фраземаларды тарихи тұрғыдан салыстырып зерттеуге негізделген;
- эквиваленттік әдіс түрлі типологиялық топтарға жататын тілдерді салыстыру нәтижесінде жүзеге асады;
- функционалды-коммуникативтік әдіс тілдердің фразеологиялық жүйесінің квалитативті және квантативті ұқсастықтары мен социолингвистикалық ерекшеліктеріне сүйенеді;
- сипаттамалы лексикографиялық әдіс қостілді сөздіктерге талдау негізінде жүзеге асады.

Кез келген тілдің фраземалары тілдік жүйеде қалыптасқан сөз тіркестері моделдері негізінде жасалады. Фразеологизмдердің сөз тіркестеріне және сөз таптарына қатысын, фразеологиялық бірліктерге тақырыптық-семантикалық топтастырулар жасау, ол бірліктердің синонимдік қатарлар құрауы және т.б. мәселелер құрылымдық-семантикалық әдіс негізінде талданған.

Бұл әдіс фразеология теориясында кең қанат жайған. XX ғасырдың сексенінші жылдарына дейін осы әдіс негізінде жазылған еңбектер саны аз емес. Қазіргі қазақ тіл білімі фразеологиясында аталмыш теориялардың алатын орны ерекше. Ол әдістер негізінде қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялар мен монографиялық еңбектер баршылық.

Фразеологиялық қордың қандай әдіс негізінде талдануына орай қазақ тіл білімінің фразеология саласы түрлі бағыттар бойынша зерттелді:

1. Фразеологизмдердің теориялық, практикалық мәселелері[1].

Фразеологиялық бірліктердің сөздік қордағы орны мен рөлі, олардың күрделі сөздермен, синтаксистік тіркестермен, тұрақты тіркестермен арақатынасы мен ерекшеліктері, номинативтік қасиеттері, сөздердің фразеологиялық байлаулы мағыналары, лексикографиялық бір тілдік, түсіндірме және қостілді деректерде берілуі мен аударылуы және т.б. теориялық мәселелер қазіргі қазақ тілінде зерттелді.

2. Фразеологизмдердің стильдік қызметі[2].

Фразеологиялық бірліктердің әдеби тілдік стильдік тармақтарға бөлінуі, олардың лексикографиялық деректер негізінде жіктелуі фразеологиялық деңгейдегі тілдік құралдардың мәнерлегіштік мүмкіндіктері, олардың стилистикалық мәні мен бояулары, түрлі жағдайлардағы қолданыс аясы, фразеологиялық бірліктердің қолданылуының коммуникативтік заңдылықта- ры, олардың бейнелілік және метафоралық белгілерінің негізгі заңдылықтары мен тенденциялары, фразеологиялық тіркестердегі штамптар мен шаблондар- дың мүмкіндіктері және т.б. мәселелер қарастырылды. Фразеологизмдердің стильдік қызметі мен оның теориялық арналарын зерттеу қазақ тіл білімінде әлі де болса толықтырулар мен ізденістерді қажет етеді.

3. Көркем шығармаларда қолданылуы[3].

Зерттеушілердің алдында жеке авторлардың әдеби шығармаларындағы фразеологизм дердің және авторлық қолданыстардың ерекшеліктері мен олардың тәсілдеріне тілдік тұрғыдан талдау жасау мақсаты қойылды. Көркем шығармада сипатталып отырған дәуірдің, тарихи кезеңнің бояуын сол қалпында беру мақсатында түрлі авторлық қолданыстар мен айшықты бірліктер пайдаланылады. Мұндай шығармалар арқылы авторлар, “бір жағынан, қазіргі қолданысымызда жоқ немесе өте аз ұшырасатын сөздерді айналымға түсіріп, тілдің байлығын арттырудың тағы бір жолын көрсетіп отырса, екінші

---

[1] Кенесбаев С.К. О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке /// Известия АН КазССР, сер.филол. и искусств., вып.1-2 – Алма-Ата, 1954; Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы // Кенесбаев С.К. Исследования по казахскому языкознанию. – Алма-Ата, 1997. – С.207-259; Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998; Сәтенова С.К. Қазақ тіліндегі тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1999, Исабеков С. Принцип дополнительности в номинативной системе языка. – Алматы, 1992; Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1998 және т.б.

[2] Кенесбаев С.К. К вопросу об экспрессивно-стилистических функциях фразеологизмов (на материале казахского языка) // Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР. – Ашхабад, 1968. – С.205-212. Кусимова Г. Фразеологизмы в казахском эпосе. Автореф. Дис. ...канд.филол.наук. – Алматы, 1991; Боранбаев Г.С. XV-XVIII ғғ. Қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдер. Филол.ғыл.кандидаты атағын алу үшін дайын. Дисс.автореф. – Алматы, 1994; Дүйсетаева Ф.Н. Автореф.дис...канд.филол.наук. – Алматы, 1977 және т.б.

[3] Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы, 1975; Джанибеков М. Стилистические употребления лексики и фразеологии в произведениях Джамбула. Автореф.дис .... канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1956; Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиеттерде қолданылуы. – Алматы, 1972; Қисамединова Л.М. Некоторые особенности употребления фразеологизмов в произведениях В.И. Ленина // Материалы респ. Науч. Конференции молодых ученых и специалистов. – Алма-Ата, 1981. – С. 193-194.

жағынан, көркем бейнелер жасауда мүмкіндіктің молая түскенін дәлелдейді" [М.Серғалиев, 1998; 372 б.].

Сондықтан да авторлардың тілін зерттеу, олардың қолданысындағы тілдік бірліктерге ғылыми баға беру теориялық дәйектемелер жасауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

4. Фразеологизмдерді мағыналық, тақырыптық тұрғыдан топтастыру принциптері[1].

Фразеологизмдердің мағыналық топтарына лексика-семантикалық және тақырыптық тұрғыдан топтастырулар жасалып олардың принциптері мен әдістері айқындалды. Семантикалық өріс мәселесі теориялық аспектіде шешімін тауып, семантикалық, зооморфтық, діни-мифологиялық, сандық және т.б. мағыналық-тақырыптар екшеленіп, олардың көп мағыналық, омонимдік синонимдік, антонимдік, варианттылық қатарлары ерекше фразеологиялық категория ретінде зерттелді.

5. Фразеологизмдердің жеке категориялары[2].

Фразеологиялық бірліктердің белгілі бір сөз табына қатысын тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болатыны белгілі. Фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстығын анықтау үшін, негізгі сөз бен жалпы тіркестен туындайтын мағынаны салыстыру арқылы бағалауға болады. Бұл мәселе қазақ фразеологиясында жан-жақты зерттелген. XX ғасырдың 50-жылдары фразеологизмдердің зерттелуі қазақ тіл білімінде болсын, жалпы отандық лингвистика да болсын осы екі тұрғыдан зерттелді. Сөз табының қатысына қарай фраземалар есімді, етістікті, сан есім, сын есім, үстеу мағыналы деп сөз таптары топтастырылып, олардың морфологиялық, синтаксистік және лексика-семантикалық ерекшеліктері талданылды.

6. Фразеологизмдердегі диалектілік ерекшеліктер[3].

Фразеологизмдердің жергілікті ерекшеліктері мен олардың диалектілерге қатысы жөнінде жеке еңбектер саны көп емес. Олар көбінесе жалпы диалектологиялық зерттеулер мен жергілікті ерекшеліктерді саралағанда солардың құрамында қарастырылады. Аз да болса кейінгі жылдары Қ. Қалабаеваның зерттеу еңбектерінде, Қытай қазақтарының тіліндегі тұрақты тіркестердің жергілікті ерекшеліктерін зерттеуші С. Мұстафаұлы еңбектерінде көрініс тапқан.

---

[1] Елешова А. Фразеологиялық единицаны классификациялау мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1976, 8-шығуы. – 102-107 бб.; Қайдар А., Жайсакова Р. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 202-214 бб.; Сәтенова С. Қазақ тіліндегі жануарлар аттарымен байланысты фразеологизмдердің сипаттамасы. – Алматы, 1990; Уәлиев Н. Жұмбақ сандар // Жалын, 1998, №4; Таева Р. К вопросу об изучении фразеологии методом семантического поля // Материалы респ.науч.конференции молодых ученых и специалистов. – Алматы, 1980. – С.211-212; Рысбаева Г. Сан есімдерге байланысты культтік фразеологизмдер // Н. Сауранбаев және қазақ тіл білімі. – Алматы, 2000. – 95-99 бб. Және т.б.

[2] Байталиев А. Проблемы ограничения именных фразеологических единиц сходных с ними явлении в казахском языке. Автореф.дис. ...канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1956; Жайсакова Р. Семантико-грамматическая структура фразеологизмов в казахскоим языке. Автореф.дис. ...канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1956; Таева Р. Фразеологические единицы типа "определение + определямое" в современном казахском языке. Автореф.дис.канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1983; Байталиев А. Қазақ тіліндегі есімді фразеологиялық тіркестердің күрделі сөздер мен еркін тіркестерден айырмашылығы жөнінде // Қазақ тілі мен әдебиеті, 3-шығуы. – Алматы, 1973. – 90-96 бб.; Оразбаева Ф. Фразалық сөз тіркестерінің сын есімдермен синонимдес болуы // Қазақ тілі мен әдебиеті, 6-шығуы. – 110-115 бб.; Елешова А. Сан есімдер тіркесінен фразеологиялық единицалардың құрамы жөнінде // Қазақ тілі стилистикасының мәселелері. – Алматы, 1987. – 37-44 бб.; Сарбасова Қ.Б. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты. Филол.ғыл.кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайын.дисс. автореф. – Алматы, 1998 және т.б.

[3] Қалыбаева Қ. Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1997; Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. – Алматы, 1985; Мұстафаұлы С. Қытай қазақтары тіліндегі тұрақты тіркестердің жергілікті ерекшеліктері // ҚазМҰУ хабаршысы. – Филология сериясы. – 2001. –№16)50). – 56-60 бб.

7. Фразеологизмдердің этнолингвистика тұрғысынан зерттелуі[1].

XX ғасырдың соңында пайда болған, этнос пен тілдің шегінде ғылым ретінде қалыптасқан этнолингвистика ғылымы қазақ тілі лингвистикасында да өз дәрежесінде зерттелуде. Бүгінгі таңда академик Ә. Қайдар мен оның шәкірттері лексикалық қордың түрлі деңгейлерін мәдениеттану, этнография, өлкетану, фольклористика, мифология, астрология, этнология, педагогика т.б. қоғамдық-әлеуметтік пәндердің шегінде қарастыры лып, "этнос тілінің табиғатын айқындауға тікелей қатысты (мәселен, этимология, диалектология, ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография т.б.) лингвистикалық пәндермен" [Ә.Қайдар, 1998; 12 б.] байланыстыра зерттеп, этнолингвистиканы жеке ғылым саласы дәрежесіне көтерді.

Қазіргі күні этнолингвистика ғылымының өзіне тән әдістері мен зерттеу тәсілдері, нысанасы мен мақсат-міндеттері, метатілі қалыптасқан, "жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр" [Ә.Қайдар, 1998; 8 б.].

Этнолингвистика ғылымының қарқынды түрде дамуын проф М.М. Копыленконың "Этнолингвистика негіздері" (Основы этнолингвистики. Алматы, 1995) еңбегінің соңында берілген библиографиялық көрсеткіш санынан да айқын көруге болады.

8. Фразеологизмдердің жеке тілдер деректері негізінде салыстырыла зерттелуі[2].

Қазақ фразеологиясы қазіргі таңда салыстырмалы және салғастырмалы-типологиялық бағытта да зерттелуде. Салғастырмалы-типология тілді зерттеудің екі бағытын біріктіреді. Бұл бағыт тілдерді олардың туыстығына, өмір сүру кезеңіне, аймақтық ерекшеліктеріне бөлінуіне қатыссыз зерттейді. Қазақ тілінің фразеологиялық бірліктері туыс және туыс емес (морфология- лық құрылым әр түрлі) тілдермен салыстыра зерттеліп, олардың жалпы заңдылықтары мен ұлт менталитетіне, оның мәдени дамуына орай ерекшеліктері айқындалды.

Қазақ тіл білімінде фраземаларды орыс тілі және европа тілдері (ағылшын, неміс, француз), шығыс тілдері (қытай, корей) материалдарымен салғастыра зерттеген еңбектер саны аз емес. Бұл зерттеулер лексика-семантикалық, құрылымдық-морфологиялық, өрістік және мағыналық тақырыптарға топтастырулар негізінде жүзеге асуда.

Түркі тілдерінің фразеологиялық қоры жеке тілдерде біркелкі зерттелмеген және фраземалардың нысаны мен шеңбері туралы әлі толық қалыптаса қойған пікірлер жоқ. XX ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап зерттеле бастаған түркі тілдерінің фразеологиясы өз бастамасын Ресей тіл білімінен алады. Бұл түсінікті де. Сондықтан да бағыттар мен

---

[1] Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998; Копыленко М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995; Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997; Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998; Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2002; Рысбаева К.Қ. Қазақ тіліндегі культтік фразеологизмдер. Филол.ғыл.кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайын.дисс.автореф. – Алматы, 1995; Уызбаева Б.К. Қазақ тіліндегі сомантикалық етістік фразеологизмдердің сипаты. Филол.ғыл.кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайын.дисс.автореф. – Алматы, 1994 және т.б.

[2] Ахметжанов З.К., Валиханова Р.Е. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. – Алматы, 1999; Сабитова М.Т. Основы немецкой и казахской фразеологии. – Алматы, 1999; Абигалиева М.Х. Сопоставительный анализ соматической фразеологии казахского и немецкого языков. Автореф.дис. ...канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1992; Дәулетова П.Н. Қытай және қазақ тілдері фразеологизмдеріне лексикографиялық салғастырмалы талдау. Филол.ғыл.кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайын.дисс.автореф. – Алматы, 1999; Есимова М.Р. Межъязыковые фразеологические соответствия (на материале английского, русского и казахского языков). Автореф.дисс. ...канд.филол.наук. – Алматы, 1999; Құрманбаева Ш.К. Түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау. Филол.ғыл.кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайын.дисс.автореф. – Алматы, 1999; Мукушева А.К. Национально специфические элементы семантики фразеологизмов современного немецкого и казахского языков. Автореф.дис. ...канд.филол.наук. – Алматы, 1999; Омиралиева Ж.К. Национално-культурная специфика конвенциональных фразеологизмов с соматизмами (на материале русского, казахского и английского языков). Автореф.дисс. ...канд.филол.наук. – Алматы, 1999 және т.б.

фразеология ілімін құрайтын концепциялар Ресей ғалымдарының пікірлерімен ұштасып келеді.

Сонымен қатар көптеген елдегі саяси және экономикалық ахуалдарға орай жеке түркі тілдерінің фразеологиялық зерттеулері орыс тілінде жазылып, осы тілде қорғалған. Жоғарыда жүйелі түрде берілген библиографиялық сілтемелер де осының айғағы. Кеңес дәуірінде бір-бірімен қоян-қолтық аралас түбі бір түркі тілдес халықтар қазіргі кезде ондай байланыстардан айырылған. XX ғасырдың 90-жылдарынан кейін жазылған еңбектер мен зерттеулер біздің қолымызға түсе қоймайды. Сондықтан да түркі ғалымдары еңбектерінің осы жылдарға дейінгі зерттеулері мен бағыттары қамтылды.

Кейінгі кездері қолымызға тиген еңбектерге көңіл аударсақ, түркі тілдес халықтардың фразеологиялық қорынан зерттелуі түркі халқының тарихымен, этнографиясымен, мәдениетімен әдет-ғұрпымен байланыса, сабақтаса талданып жатқанына көз жеткізуге болады. Бұның себебі, біріншіден, қазір әлем тіл білімінде лингвистика мен басқа пәндер негізінде шектес ғылымдар – лингвистикалық мәдениеттану (лингвокультурология), елтану, тіл философиясы, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, нейролингвистика, қолданбалы тіл білімі, әлеуметтік тіл білімі т.б. әсері болса, екіншіден, жеке түркі халықтары өз тәуелсіздігіне қолы жетіп, өз тарихы мен дәстүріне мақтанышпен қарауынан да болуы керек.

Фразеологизмдердің негізгі қасиеттері – оны бөліп даруға келмейтіні және идиомалығы мен тұрақтылығы. Фразеологияның дамып, қалыптасуының осы бірінші кезеңінің негізгі мақсаты – фразеологияның нысанын анықтау, сөз және сөз тіркестерінен ерекшелігін белгілеу.

Фразеологияны тілдік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, құрылымдық және мағыналық жағынан ерекше қасиетке ие тілдік бірлік ретінде тану негізгі ғылыми дәйектеме болып табылады. Фразеологияны зерттеуші Ресей тілші ғалымдарын XX ғасырдың алпысыншы жылдарының өзінде әлемдік лингвистикада алдыңғы қатарлы орындарға көтерді.

XX ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасы мен сексенінші жылдардың басында фразеологияны зерттеуші ғалымдар оның мазмұндық және функционалдық жақтарын қарастыруға ұмтылды. Осы кезеңдерде фразеологизмдер мағынасының “объективті мазмұнындағы” бағалағыштық-экспрессивтік қасиеттер мен стилистикалық бояулардың мағыналық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды.

Фразеология даму сатысының келесі кезеңінде, яғни XX ғасырдың соңғы бес-он жылдығында ішкі форма жасаудың тәсілдері, соның негізінде зерттеудің синхронды-салғастырмалы аспектілері дүниеге келді (А.Д. Райхштейн, Ю.С. Солодух). Бұл тұрғыдан зерттеудің негізгі мақсаты – құрылымы жағынан әртүрлі тілдердің фразеологиялық материалдары жиынтығынан олардың бейнелілік негізінде жатқан тепе-теңдік немесе ұқсастық жақтарын диахрондық тұрғыдан зерттеу болып табылады (В.М. Мокиенко және оның шәкірттері).

Қазіргі кезеңде фразеология өз бойына жаңа нысана мен жаңа бағыттар жинақтауда. Бұл тұста фразеологизм таңба ретінде қарастырылып, тілдік таңба табиғатына сәйкес коммуникативтік актіге қатынасын, тіл және сөйлеуде өзіндік функциясы бар ұлттық-мәдени сипатымен ерекшеленетін тілдік бірлік ретінде фразеологизмдердің мағынасындағы объективтік және субъективтік факторларының арақатынасын зерттеу жолға қойылып отыр.

XX ғасырдың орта шенінде Қазақстан топырағында І. Кеңесбаев мектебі мен оның шәкірттері тұсында дүниеге келген фразеология проблемасы бүгінгі таңда оның нысаны, материалдары, қолдану аясы мен функциясы тұрғысынан әр түрлі аспектіде зерттелуде. Қазақстан фразеология тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін тіл білімінің саласы, тілдегі фразеологизмдер жиынтығы, сонымен қатар қандай да бір автордың қаламына тән фразеологизмдердің стильдік қолданысы мен жергілікті диалектизмге тән фразеологизмдер ретінде зерттелді.

Осы зерттеулер негізінде фразеология тіл білімінің саласы ретінде мектеп бағдарламалары мен жоғарғы оқу орындарында оқытылып, тілдің фразеологиялық құрамына құрылымдық-семантикалық, грамматикалық, функционалдық-стилистикалық тұрғыдан топтастырулар жасалынды.

Сонымен қатар фразеологизмдердің этимологиясына көңіл аударылып, олардың шығу төркініне диахрондық тұрғыдан талдаулар жасалып, көненің көзі болып табылатын тарихи фразеологияның пәні зерттеу нысандары айқындалды.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің этимологиясын ашатын арнаулы лексикографиялық еңбектер болмаса да, Ә.Т. Қайдаровтың "Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен негіздердің құрылымы" ("Структура односложных корней и основ в казахском языке")[1], Р. Сыздықованың "Сөздер сөйлейді", Ә. Нұрмағамбетовтың "Бес жүз бес сөз" сөздіктерінде кейбір фраземалардың этимологиясына лингвистикалық талдаулар жасалынған.

Фразеологизмдердің этимологиясы мен жасалу көздерімен тығыз байланыста жатқан этнопсихологиялық және мәдени-танымдық аспектіде фразеологизмдердің зерттелуі кейінгі онжылдықта академик Ә.Т. Қайдар мен оның шәкірттерінің еңбектерінде көрініс табуда.

Қазақстан топырағында дүниеге келген, қазіргі таңда әлемдік тіл білімі саласында өзіндік орны бар профессор М.М. Копыленконың фразеотіркес (фразеосочетание), яғни фрезеология объектісі болып табылатын – "лексемалар тіркесі" концепциясы мен осы бағыттағы ғалымның шәкірттерінің еңбектері мен ғылыми монографияларының фразеология теориясын қалыптастырудағы маңызы зор.

Жалпы Қазақстан тіл білімінде фразеологияның алатын орны ерекше. Оның дәлелі – кейінгі кезде жарық көрген зерттеулер мен ғылыми диссертациялардың қорғалу санының жиілігі. Ауыз толтырарлық зерттеулер тек қазақ тілінің фразеологиялық қорымен ғана шектелмейді, олардың санын Қазақстанда тұратын жеке халықтар тілдері (ұйғыр тілі, корей тілі, түрік тілі, неміс тілі және т.б.) бойынша және орыс тілі фразеологиялық материалы негізінде жасалған зерттеулер толықтырса, қазақ тілінің туыстас түркі тілдерімен салыстыра зерттеген салыстырмалы-тарихи аспектіде жазылған диссертациялар бір төбе. Осы зерттеулер санына роман-герман тілдері мен орыс тілдерін немесе қазақ тілдерін салғастыра зерттеген типологиялық аспектідегі еңбектер де кіреді.

Әсіресе, соңғы екі-үш жыл шамасында салғастырмалы-типологиялық тұрғыдағы фразеологизмдердің зерттелуін – тіл теориясын дамытудағы осы салаға қосылған үлес деп бағалауға болады.

М.А. Сыздықованың "Сөйлеу етістіктері мағынасындағы фразеология- лық бірліктер салғастырмалы-типологиялық талдау" (орыс және қазақ тілі материалдары бойынша) / "Сопоставительно-типологический анализ фразеологических единиц глаголог речи" (на материале русского и казахского языков) /, Ш.Қ. Құрманбаеваның "Түрік және қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау" еңбектерімен қатар қазақ тілі материалдары бойынша жазылған Қ.Б. Сарбасованың "Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты" диссертациялық зерттеуі мен ұйғыр тілі бойынша Р.А. Авакованың "Қазіргі ұйғыр тіліндегі етістікті фразеологизмдердің семантика-морфологиялық сипаттамасы" / "Семантико-морфологическая характеристика глагольных фразеологизмов современного уйгурского языка" / атты диссертациялық зерттеулері профессор А.С. Аманжоловтың жетекшілігімен қорғалса, профессор Э.Д. Сүлейменованың жетекшілігімен М.Р. Есімжанова "Тіларалық фразеологиялық үйлесімділік" (ағылшын, орыс және қазақ тілдері материалдары бойынша) "Межъязыковые фразеологические соответствия" (на материале английского, русского и казахского языков) атты диссертациялық еңбегінде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерге талдау жасаған, филология ғылымдарының докторы

[1] Орыс тілінде жазылған еңбектер қазақ тіліндегі аудармасымен берілді. Жақшаның ішінде және әдебиеттер тізімінде еңбектер түпнұсқада берілді.

Н.Ж. Шәймерденованың жетекшілігімен Ж.Қ. Өміралиева “Конвенционалды соматикалық фразеологизмдердің ұлттық мәдени ерекшелігі” (орыс, қазақ және ағылшын материалдары негізінде) “Национально-культурная специфика конвенциональных фразеологизмов с соматизмами” (на материале русского, казахского и английского языков) диссертациясы мен доцент Р.А. Авакованың жетекшілігімен П.Н. Дәулетова “Қытай және қазақ тілдері фразеологизмдеріне лексикографиялық талдау”, Р.Т. Қожабекова “Баспасөз бетіндегі тақырыптардың фразеологиялану ерекшелігі” (1991-2001 жж.) атты диссертациялық зерттеулерін ойдағыдай қорғады.

Сонымен қатар жалпы тіл білімі кафедрасында фразеологиялық материалдар негізінде қорғалған зерттеулердің лексикографиялық еңбектермен толықтырылатынын айта кеткен жөн. Мәселен, профессор А.С. Аманжолов пен Ш.Қ. Құрманбаеваның “Түркіше-қазақша фразеологиялық сөздік” (1999), Р.А. Авакова мен П.Н. Дәулетованың “Қысқаша қытайша-қазақша фразеологиялық сөздік” (1998), М.Р. Есімжановаының “Қысқаша ағылшын-орыс-қазақ фразеологиялық сөздігі” / “Краткий англо-русско-казахский фразеологический словарь” (1997) / сөздіктерімен қатар профессор Э.Д. Сүлейменованың жетекшілігімен диссертациялық жұмыс жазған С.Қ. Сансызбаеваның “Адамның зооморфтық сипатына байланысты қазақша-орысша сөздік” / “Казахско-русский словарь зооморфных характеристик человека” (2000) сөздіктерін ерекше айтып кетуге болады.

Фразеологияның теориялық негізгі мәселелеріне фразема табиғатын анықтау, оның көлемін, құрамын, шекарасын анықтау; фразеологиялық семантика мәселесі; фразема семантикалық жүйесінің құрылымы, олардың топтастырылуы және тарихи дамуы мен пайда болу көздері т.б. проблемалар жатады.

Фразеологиялық бірлік болып табылатын фраземалар дегеніміз – құрамындағы лексикалық компоненттер мағыналары мен оның тұтас мағыналарының еш байланысы жоқ, ауыспалы, бейнелі мағынадағы сөздердің тұрақты тіркесі. Мәселен, *ит арқасы қиянда* фраземасы “өте алыс”, *мұрнынан шаншылу* “қатты шаршау”, *аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу* “долданып ұрсу” және т.б. фраземаларының тұтас, ортақ мағынасы оның құрамындағы сөздердің компоненттік мағынасымен еш байланысы жоқ.

Фраземалар – еркін сөздердің тіркесі емес. Сондықтан да фразеология лингвистикалық пән ретінде фраземажасам компоненттердің (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық) арақатынасы механизмінің негізінде шектеулі тіркестердің жасалуын, ол сыңарлардың (компоненттердің) мағына тұтастығын жасаудағы ролін зерттейді.

Фраземаның спецификалық табиғаты мен қасиеттері оларды шектеулі бірліктермен – сөздермен, еркін сөз тіркестерімен (сөз тіркестерімен, сөйлеммен) салыстырғанда байқалады. Мұндай салыстырулардың өзіндік себептері бар: фраземаның фразема жасамдық компоненттері – сөздер; фразема сөйлеуде сөз орнына қолданылады; құрылымы жағынан сөз тіркестері мен сөйлемдерге сәйкес келеді. Мысалдармен салыстырып көрейік: Онсыз да *қан жүрегі қақ жарылып жүр* ғой. Абай Тоғжанды жұбата алмай, *ет жүрегі елжіреп* қайтқан (М. Әуезов); Тырнадан төре қойсаң, *басыңнан қиқу кетпес* (мақал);

Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ,

Жекжатымен ел өсіп жасаңдамақ (Жамбыл)

Барлық фразема құрамындағы фраземажасам компоненттер – сөздер, ал фразема сөйлемде тұтас қалпында жеке сөздер функциясын атқарып тұр. Құрылымы жағынан қарастырар болсақ, бірінші сөйлемдегі фразема *қан жүрегі қақ жарылып, ет жүрегі елжіреп* сөз тіркесі моделімен жасалса, екінші, үшінші сөйлемдердегі *басыңнан қиқу кетпес* және *қарға тамыр ел* фраземалары сөйлем моделімен жасалған.

Фразема мен сөздердің арақатынасы мәселесі екі көзқарас негізде дәлелді. 1. фразема мен сөздің арақатынасы теориясы болса, 2. фраземаның сөзге эквивалентті гі теориясы

болып табылады. Фразема мағынасын сөзбен (сөз-идентификатормен) ауыстыруға болу-болмау қасиетіне негізделген эквивалент теориясы Ш. Баллиден бастама алады.

Аталған теория бойынша, фразема сөзге эквивалент бола алса ғана фразеологиялық бірлік қатарына кіреді. А.И. Смирницкий бұл тұжырымды толықтыра келіп, фраземаның сөзге эквиваленттілігі оларға категориялық ортақтықты қамтамасыз етеді, яғни мағына тұтастығы мен сөйлеуде тілдік бірлік ретінде дайын қалпында қолданыла алу қасиеттерін атап өтеді.

Эквивалент теориясы бойынша фразема сөзбен бірдей дәрежеде лексикалық мағына мен грамматикалық категорияларға ие бола алады. Мысалы: *қан жұту* – "қайғыру", *қара қылды қақ жарған* – "әділ, турашыл", *ауыз бастырық* – "пара, ақы", *ат үсті* – "үстіртін" және т.б. фразема мен сөздердің мағыналары тепе-тең болған жағдайда, олардың грамматикалық категориялары да ортақ болады, яғни лексикалық бірліктерге тән процессуалдылық, атрибутивтік, заттық, адвербиалдылық және т.б. категориялар негізінде түрлене алады.

Әрқашанда фразема сөзге эквивалент бола ала ма, оның мағынасын сөзбен алмастыруға бола ма, болған жағдайда да толық сол мағынаны беруге сөздің құдіреті жете ме? деген сұрақтар міндетті түрде туады. Әрине, сөз фразема мағынасын толық дәрежеде бере алмайтынын мойындауға тура келеді. Сөзбен алмасқан фраземаның мағыналық элементтерінің біршама бөлігі сыртта қалып отырады. Мысалы, қазақ тілінде *ит* пен *мысықтай болу,* орыс тілінде *как кошка с собакой* фраземасын "өш, араз, қас" деген сөзбен алмастыра аламыз, бірақ тұрақты тіркес беріп тұрған информацияның біршамасы тамада қалып қояды, бұл тіркестің мағынасы "жанжалдасу" ғана емес, "бір-бірін жек көретіні соншалықты, олар әрқашан да бір-біріне өш, араздасу үстінде" деген мағынада қолданылады.

Сонымен қатар лексика-грамматикалық тұрғыдан да сөз бен фразема арасында толық эквивалент әрқашан бола бермейді. Мысалы: соңғы сыңары зат есім болып келетін фраземаның барлығына да зат есімнің грамматикалық категориясы тән емес: *ат үсті* "үстіретін", *көз ұшында* "алыста, қашықты", *ақ қар, көк мұзда* "суықта, қыста" және т.б. фраземалардың негізгі сыңарлары зат есімнен бола тұрып, олардың тұтас мағынасы үстеудің қызметінде қолданылып тұр.

Сондықтан да эквивалент теориясымен салыстырғанда сөз бен фраземаның арақатынасы теориясының салмағы ауырлау деп ойлаймыз. Арақатынастылық (соотносительность) дегеніміз – екі номинативтік бірлік арасында айырмашылық. Бірақ бұл ерекшеліктер олардың арасындағы ұқсас, қатар қасиеттер мен белгілерді ешқашан да жоққа шығара алмайды. Себебі:

– біріншіден, фразема "құрылыс материалы", қаңқасы сөз бола тұрса да, фразема құрамындағы сөздер мағынасы мен олардың тұтас мағынасын салыстыруға келмейді, тұрақты тіркестің жеке компоненттері өздерінің лексикалық мағынасынан айырылған, семантикалық жағынан қайта құрылған, жаңадан жасалынып, десемантикалық жағынан қайта құрылған, жаңадан жасалынып, десемантикаланған номинация болып табылады. Мысалы: *екі көзі төрт болу* "зарыға күту", *үріп ауызға салғандай* "сүйкімді, әдемі" және т.б.;

– екіншіден, фразема мағынасының көлемін сөзбен теңестіру мүмкін емес;

– үшіншіден, сөздің лексикалық мағынасы мен фраземаның фразеологиялық мағыналары арасында сәйкестік бар болғанымен де, олар әр түрлі құрылымдарға ие.

Сөз құрылымы ең кішкентай тілдік элемент – морфемалардан тұрса, фразема компоненттерінің шығу төркіні – сөздер. Сондықтан да сөз – тұтас, бүтін тұлға, ал фразема – жеке дара тұлға болып табылады.

Акцентологиялық тұрғыдан қарастырсақ, сөз бір екпінді, ал фраземалар екі немесе одан көп екпінді болып келеді.

Арақатынастық, сәйкестік теориясы – фразема мен еркін сөз тіркестерінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды туындатуға бағышталған.

Фразема мен сөз тіркестерінің арасындағы ұқсастық – фраземаның генетикалық негізі – сөз тіркесінде жатыр. Екі тұлға да толық мағыналы сөздердің тіркесуінен жасалған. Негізгі айырмашылықтар: фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылуы, ал сөз тіркестерінің сөйлеуде жасауы; фраземалардың тұрақтылығы, сөз тіркестерінің еркіндігі; фразеологизмдер мағыналарының бүтіндігі мен тұтастығы, сөз тіркестер мағыналарының ыдыраңқылығы, яғни құрамындағы компоненттері жеке (аналитикалық) мағынада қолданылатындығы. Мысалы: *қол алысу* фраземасының мағынасы "келісу, шарт жасасу" болса, еркін мағынасында әр сөз өзінің жеке тура мағынасын сақтайды. Фраземаның омонимдес еркін тіркестен айырмашылығы: номинация тұтастығы, даяр қалпында қолданылуы және тұрақтылығы.

Фраземадағы номинация тұтастығы дегеніміз – фраземаның күрделі объективті болмысты (көбінесе бүтіндей бір денотативті ситуацияны) тұтас, бөліп-жармай тізбектеп, бейнелеп көрсете алу қабілеті. Мысалы: *Тумаған сиырдың уызынан дәмету* "бос қиялдау" фраземасын "шағын сюжетті мәтін" (В.Н.Гелия) деп атауға болады. Ол мәтіннің мазмұны төмендегідей: ... Шал мен кемпір болыпты, бір сиырға зар болыпты. Екеуі армандапты. Шіркін, сиырым болса, ол бұзауласа ... Осы сияқты жалғастыра беруге болады.

Фраземаның пайда болуының негізінде ситуация жатыр. Ол екшеленіп, қысқарып, белгілі бір бейнеге бағышталып "тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні" болып табылатын фразема жасауға ұйытқы болып отыр.

Фраземалардың номинативтік тұтастығы оны құрастырушы сыңарлардың мағынасынан әлдеқайда басым. Мысалы: "шексіз бақытты, әлемге сыймайтын қуаныш – қазақ тілінде *төбесі (басы) көкке бір-ақ елі жетпеу,* ұйғыр тілінде *беши көккә йәтмәк,* орыс тілінде *на седьмом небе* және т.б. Фраземалардың жасалу тұлғалары мен құрылымы жағынан еркін сөз тіркестері мен сөйлемдерден еш айырмашылығы жоқ болса да, фраземалардағы тұтастық, бөліп-жаруға келмейтін бүтіндік олардың мағынасының (семантикасының) беріктігінен келіп шығады.

Құрылымы тұрғысынан сөз тіркестерімен барабар фразеологизмдердің номинативтік тұтастығы фраземалық таңбаның ассиметриялық екіжақтылығымен байланысты, яғни симметрияның, таңбалаушы мен таңбаланушы арасындағы сәйкестіктің жоқтығы болып табылады. Еркін сөз тіркестері мағынасы (мазмұн өресі) мен оларды құрастырушы сыңарларының (жеткізу өресі) арасында тура байланыс көрініп тұрады.

Жасалуы жағынан дискетті болып табылатын фраземалар мен сөз тіркестері заттар мен болмыс құбылыстарын белгілеу формасы жағынан емес, олардың мазмұн өресі мен жеткізу өресінің арақатынасы тұтастығынан ерекшеленеді.

Фраземаның даяр қалпында жұмсалуы дегеніміз – олардың сөйлеуде жиі қайталанып қолданылуы. Бірақ айта кететін тағы бір жайт, фраземаның даяр қалпында жұмсалуы тек фраземаларға тән қасиет деп қарасақ, онда бұл біржақты сипат болған болар еді. Себебі тілімізде фраземалардан да басқа бірліктер, мәселен, құрамды терминдер (*ит бүлдірген*), номенклатуралық атаулар (*аяқ киім, бас киім*), мақал-мәтелдер (*айдағаны бес ешкі*, *ысқырығы жер жарады*), қанатты сөздер мен афоризмдер (*Ғылым таппай мақтанба*) және т.б. сөйлеу кезінде жасалынбай, тілде даяр қалпында қолданылады.

Сонымен қатар фраземалар белгілі тілдік модельдер негізінде, олардың синтаксистік және морфологиялық шектеулі нормаларына сүйеніп жасалады. Мысалы: *ақылға жеңдіру, көңілге қонымды, басқа шығару* және т.б. фраземалар барыс септігін меңгертетін етістікті сөз тіркесі (*қалаға барды, университетке келді)* негізінде, *басты қатыру, көзді жұму, желкені қасу* фраземалары табыс септігін меңгеретін етістікті сөз тіркестері (*үйді жинау, баланы жуындыру*) модельдерімен жасалынған. Бұл шектеулік қасиет барлық тұрақты сөз тіркестеріне (даяр қалпында қолданылатын) тән емес.

Фраземалардың келесі қасиеті – тұрақтылық. Көптеген ғалымдар даяр қалпында жұмсалу қасиеті мен тұрақтылық қасиеттерін синоним, яғни бір-бірін алмастыра алатын ерекшелік ретінде қарастырады.

Даяр қалпында жұмсалу қасиетінің негізгі көрінісі тұрақтылық бола тұрса да, біз екеуінің арасын ажыратамыз. Фраземаларда тұрақтылық, абсолюттік, көбінесе өзгермейтін, әрқашан бірқалыпты қолданылатын қасиет негізінде қарастырылады. Бірақ фраземаларға мұндай тұрақтылық тән емес.

Фраземалар туралы сөз қозғағанда оларға тән салыстырмалы (относительный) тұрақтылық туралы айта аламыз. Себебі, фраземаларға вариванттылық тән (*басы / төбесі / көкке / аспанға / жету*) және олар қолданылу барысында морфологиялық өзгерістерге де ұшырайды.

Ал фраземалардағы тұрақтылық дегеніміз – олардың қолданыстағы тұрақтылығы, бір бүтін тілдік бірлік ретінде қолданылу мағынасы, құрылымы, компоненттер саны мен синтаксистік тұрақтылығы.

Сонымен фразема шектес тілдік жасалымдардан төмендегідей қасиеттерімен ерекшеленеді:

- ерекше экспрессивті-бейнелі мағынасымен;
- фразеологиялық номинация тұтастығымен;
- компонент құрамының жекелігімен;
- даяр қалпында жұмсалудың ерекшелігімен;
- ерекше (фразеологиялық) тұрақтылығымен.

Аталған қасиеттердің фразема үшін маңыздылығы көбінесе олардың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерімен сараланады.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б.